

Тақырыбы:

«Елім менің- Қазақстан!»

Тәрбиеші: Абдрахманова М.Х

2023-2024 оқу жыл

Тақырыбы: «Елім менің - Қазақстан!»

Максаты: Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді, тапқатарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні Республика күні болып тойланады.

Жылулық шеңбері:

Амандасу үлкенге
Тәрбиенің басы ғой
Ал, кәнекей бәріміз
Сәлем дейік үлкенге,
Сәләмәтсіздер ме балалар!
Біз Қазақтың баласы
Дені сау салауатты
Біз- ұлттың болашағы
Білімді де сауатты!

Әнұран: (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

- Балалар біздің ұлтымыз кім?
- Қазақ
- Балалар біздің мемлекетіміз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы.
- Қазақстан қандай мемлекет ?
- Егеменді, тәуелсіз мемлекет.
- Елбасымыз кім?
- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев
- Елорда бас қаламыз қай қала?
- Астана қаласы.
- Ал енді айтыңдаршы Егемендігіміздің белгісі нелер?
- Рәміздеріміз. Ту, Елтаңба, Әнұран.

Тәрбиеші: Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі. Мемлекеттік тудың авторы Шәкен Ниязбеков.

Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар, жоғарғы жағында жұлдыз, астында «Қазақстан» деп жазылған. Елтаңбаның авторы- Жандарбек Мәлібеков. Шота Уалиханов

Балалардың тапқатарына кезек берейік.

Фариза: Құтты береке шаңырақ
Орын алған ол төрден
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.

Нұрали: Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды.

Айлин: Елтаңбамыз ажарлы
Әнұранымыз әуенді
Асқақ бола түссін!
Елдігіміздің белгісі –

- Жарайсындар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.

- Ал, балалар, біз Отан туралы мақал-мәтел білеміз бе?

Жандарбек: «Отан оттан да ыстық»

Нұрислам: «Отан — отбасынан басталады»

Санжар: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Хор: «Менің елім Қазақстаным!»

Тәрбиеші: Ал енді балалар тудың суретін бояп үйренеміз (дәстүрден тыс жұмыс жасаймыз). Мемлекеттік тудың ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ал тудың шетінде ұлттық оюлармен бейнеленген.

Сергіту сәті: Дөңгелене тұрамыз

Керегені құрамыз

Уықтар боп иіліп

Шаңыраққа киіліп,

Киіз үйді тігеміз

Еліміздің аспаны ашық болсын!

Жерімізде гүлдер көп болсын! (Гүлді шашу)

Бүгінгі тәрбие сағатына жақсы қатысқандарың үшін барлықтарыңа рахмет!

Егеменді елім менің – дей отырып, Құрметті қонақтар, балалар осымен

Республика күніне арналған «Елім менің - Қазақстан!» атты тәрбие сағаты аяқталды.



